



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

«ӘР НАУҚАСҚА КҮТІМ ЖАСАУ»

Астана, 2026ж.




МӘМС ЖҮЙЕСІ: ОЛ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі:


- жинақтаушы емес
- МӘМС медициналық қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді
- жарналар мен аударымдардың мөлшеріне байланысты емес

МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесі жоқ пациенттер:

- медициналық қызметтерді кепілдендірілген көлем шеңберінде ала алады
- МӘМС пакетінде медициналық қызметтерді ала алмайды




*Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16
қарашадағы*





МӘМС НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- 01** ҚР МӘМС туралы заңнамасын сақтау және орындау
- 02** Аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу міндеттілігі
- 03** Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігі
- 04** Көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы
- 05** Қор активтерін МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге ғана пайдалану
- 06** Қор қызметінің жариялылығы





Қандай санаттар жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылады

#



ҚР азаматтарының 14 санаты үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді, оның ішінде:

- 1) балалар
- 2) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер
- 3) баланы 3 жасқа толғанға дейін тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам
- 4) жүктілікке және босануға байланысты демалыста жүрген, бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша адамдар
- 5) жұмыс істемейтін, мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны алушылар
- 6) жұмыс істемейтін, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасауды жүзеге асыратын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны алушылар
- 6) зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері
- 7) зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 8) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдар;
- 9) тергеу изоляторларындағы адамдар, сондай-ақ ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жұмыс істемейтін адамдар;
- 10) жұмыс істемейтін қандастар;
- 11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- 12) мүгедектігі бар адамдар;
- 13) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар;
- 15) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы жұмыс істемейтіндер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалатын тәртіппен ай сайын ағымдағы айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде төленеді.

ҚР азаматтарының 2 санаты үшін МӘМС жарналары жергілікті бюджет қаражатынан төленеді:

- 1) субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылған немесе жұмыс берушінің жұмыс орнында кәсіптік оқытуға жіберілген адамдарды қоспағанда, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;
- 2) осы Заңның 26-бабының 1-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес соңғы үш ай бойы міндетті зейнетақы жарналарын аудармаған және әлеуметтік саламаттылықтың дағдарыстық немесе шұғыл деңгейіне жататын жұмыс істемейтін адамдар үшін төленеді.



2026 жылғы МӘМС төлемдері

Жұмыс берушілер

Аударымдар (121 ТТК) - қызметкердің табысының 3%, жұмыс берушінің есебінен, есептеу объектісі 40 ЕТЖ-дан аспайды (3,4 млн. теңге)
Жарналар (122 ТТК) – қызметкердің жалақысынан 2%, есептеу объектісі 20 ЕТЖ-дан аспайды (1,7 млн. теңге)

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметкерлер

Жарналар (122 ТТК) - табыстың 2%
Есептеу объектісі ең төменгі жалақының 20-дан аспайды

ЖК және жеке практикамен айналысатын тұлғалар

Жарналар (122 ТТК) – ең төменгі жалақының 1,4 мөлшерінен 5% – 5 950 теңге

Дербес төлеушілер

Жарналар (122 ТТК) – ең төменгі жалақының 5 % – 4 250 теңге

Бірыңғай төлем төлеушілер


Қызметкердің табысынан 24,8% мөлшерінде ұсталып, бір сомамен аударылады. Мемлекеттік корпорация осы соманың 12,1%-ын МӘМС-ке аударымдар ретінде, 8,1 %-ын жарналар ретінде бағыттайды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін қолданатын жеке тұлғалар (платформалық жұмыспен қамту)

Жарналар (122 ТТК) – салық режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру кезеңіндегі ай сайын алынған табыстың 1 %-ы




Сақтандыру мәртебесін беру



Мәртебесі
«Сақтандырылған»

Медициналық қызметтерді тұтынушының мәртебесі (сақтандырылған):

- Соңғы 12 айда жарналардың және (немесе) аударымдардың үздіксіз ай сайынғы түсімдері болған кезде
- МӘМС төлемдерін төлеуден босатылған



Мәртебесі
«Сақтандырылмаған»


Сақтандыру мәртебесінің болмау себептері:

- Соңғы 12 айда төленбеген кезеңдер бар (маусымдық қызметкер, ұзақ мерзімді аурухана, басқа жұмысқа ауысқан кезде)
- Толық емес төлем (жұмысшылардың жарналары жоқ)
- Ұзақ демалыс кезеңі дұрыс төленбеген
- Жеңілдікті санат өзектендірілмеді



Қызметкерлердің ұзақ демалысы кезінде МӘМС төлемдерін төлеу алгоритмі

Қызметкерлердің жекелеген санаттарында ұзақ демалыс 56 күнді құрайды



Ұзақ мерзімді демалыстардан төлемдерді дұрыс төлемеудің салдары

Өткізіп алған жарна сақтандыру мәртебесі үшін ескерілмейді, соның салдарынан МӘМС-те медициналық көмек қолжетімсіз болады



ДЕМАЛЫС ПАРАҒЫ КЕЗЕҢДЕРІ ҮШІН МӘМС ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮРГІЗУ АЛГОРИТМІ



Шілдеден
қыркүйекке
дейінгі кезеңдегі
демалыс парағы
үшін



Қыркүйек айында демалыс
парағы бойынша төлемді
шілдеден қыркүйекке
дейінгі кезеңге төлейді



Шілде және тамыз
айларын **жұмысшы
дербес төлеуші**
ретінде төлейді

ТӨЛЕМАҚЫСЫЗ ДЕМАЛЫС КҮНІ ҮШІН МӘМС ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ АЛГОРИТМІ



Төлемақысыз
демалысты екі
айға алғанда



Сізде есептелген табыс
болмайды, сондықтан сіз
үшін МӘМС төлемейміз



Жұмысшы **дербес
төлеуші** ретінде
төлейді



ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ

ҚОРҒА ҚАЛАЙ ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

- ✓ Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- ✓ Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты



ЖАРНАНЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙМІН?

- ✓ Екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі
- ✓ «Қазпошта» АҚ
- ✓ Kaspi Bank, Halyk Bank, Банк орталығы Кредит, Freedom Bank, Bank Bereke мобильді қосымшалары
- ✓ Өзіне өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы **Касса 24** және **Qiwі** кошелек



МӘРТЕБЕМДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

- ✓ Телеграм-бот @Saqtandyrubot
- ✓ Egov порталында (Денсаулық сақтау - медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ке аударылған сомалар туралы ақпарат)
- ✓ Қордың ресми сайтында
- ✓ Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы





МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

БІРГЕ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ САҚТАЙЫҚ!



MSQORY.KZ



БІЗ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР БІРЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ХАБАРДАР БОЛУЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЫНТЫМАҚТАСАМЫЗ